

**САРЫСУ АУДАНЫ ЖАЙЫЛМА АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІ
АППАРАТЫНЫҢ «БАЛАУСА» БӨБЕКЖАЙ- БАҚШАСЫ
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ**

ХАТТАМА №1

Күні: 24.11.2020ж

Жайылма ауылы

Қамқоршылық кеңестің төрағасы ; Б.Дондаұлы аудандық маслихат депутаты

Хатшы: А.Тұрсынбекова

Қатысқандар: 7

Күн тәртібінде:

1. «Балауса » бөбекжай-бақшасының меңгерушісінің бос лауазымына кандидаттың пікірін тыңдау және өткізу туралы.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Б.Дондаев бөбекжай-бақшасының меңгерушісі зейнеткерлікке шығуына байланысты бөбекжай-бақша қызметіне үміткер Сарысу ауданы Жайылма ауылдық округ әкімі аппаратының «Балауса» бөбекжай-бақша әдіскері Керимбаева Роза Мухамбетжановнаның кандидатурасы ұсынылып отырылғаның айтып өтті.

Р.М.Керимбаеваның жалпы еңбек өтілі 30 жыл. Білім саласында 28 жыл қызмет еткен,оның ішінде «Балауса» бөбекжай-бақшасында 2007 жылдан бастап әдіскер болып қызмет етіп келеді деп өмірбаяны таныстырылды.

Сөз алған үміткер Керимбаева Роза Мухамбетжановна,өзінің болашақта бөбекжай-бақша меңгерушісі қызметін атқару барысындағы бағдарламасымен таныстырып өтті.

Жоспардың мақсаты Балалардың деңсаулығын нығайту,мектепке жүйелі білім алуға дайын тұлғаны даярлау,рухани –адамгершілікке тәрбиелеу.

Міндеттері:

- 1.Мектепке дейінгі білім беру стандартына сай бөбекжай-бақшаның тәрбиелеу және білім беру жүйесін жаңарту жұмысын жүргізу;
- 2.Балалардың деңсаулығын сақтау,салауатты өмір салтын құндылықтарын қолданып ,балалардың өмір қауіпсіздігін қорғау;
- 3.Жаңа технологияларды қолдану арқылы балалардың жан жақты дамуына ықпал ету;
- 4.Баланың дене және танымдық эстетикалық дамуы үшін қауіпсіз жағдайлармен мүмкіндіктер жасау;
- 5.Педагогтардың инновациялық бастамаларына қолдау көрсету;

6. Баланың бойында рухани-патриоттық құндылықтарды тәрбиелеу;
Күтілетін нәтиже: Педагогикалық үрдісте жаңа технологияларды қолдану, балалардың денсаулығын нығайту тілдік- коммуникативтік құзреттілігін арттыру, а жағдай жасау. Әдістемелік инновациялық жұмыстың жаңа үлгісін құру. Мектеп қабырғасына барып білім алатын жан – жақты дамыған тұлға дайындау.

Сөйлегендер:

1. **Қамқоршылық кеңестің төрағасы** Б.Дондаұлы аудандық маслихат депутаты үміткер Р.Керимбаеваның бағдарламасын тыңдай келе мектепке дейінгі білім мекемесінде көп жыл қызмет атқарғанын айта келе, кеңес мүшелеріне өз пікірлерін айтуын ұсынды.
2. **Сөз алған қамқоршылық кеңес мүшесі** Д.Абеуов спорт мектебінің бас есепшісі бөбекжай –бақшаның жақсы жұмыс жасап келе жатқанын, ұжымның ауыз бірлігі жақса екенін айтып өтті. Алдағы уақытта осы ұжымды бірлікте ұстап, балаларды тәрбиелеу денсаулығын нығайту сапалы білім алуына басшылық ету қызметін алып кете алатынына сенемін деді.
3. **Сөз алған қамқоршылық кеңес мүшелері** кәсіпкер М.Сайлауов пен дәрігер Л.Мадалиева үміткер Р.Керимбаева осы саланың қырсырын толық біледі. Түсі жылы балаларды балабақшаға алып келгенде күлімдеп қарсы алады. Елмен жақсы тіл табыса біледі, ұжымды бірлікте ұстау қолынан келетінін айтып өтті.
4. **Сөз алған қамқоршылық кеңес мүшесі** ауылдық әкім аппаратының бас маманы А.Мукашев үміткер Р.Керимбаеваны көп жылдан бері танитынын бөбекжай-бақшаны жақсы басқарып, алға жетелейтінін білеміз деді.

Қабылданған шешім:

1. «Балауса» бөбекжай-бақшасының меңгерушілігіне үміткер кандидаттың даму жоспарын тыңдала келе қанағаттанарлық деп бағаланды.
2. Бөбекжай-бақша қамқоршылық кеңестің мүшелерінің шешімі бойынша Р.М.Керимбаева меңгерушілікке лайықты деп танылсын.

1. Кеңес төрағасы:

Б.Дондаұлы

Б.Дондаұлы

Кеңес мүшелері:

К.Оспанов

К.Оспанов

М.Сайлауов

М.Сайлауов

Л.Мадалиева

Л.Мадалиева

Қ.Балықбаев

Қ.Балықбаев

А.Мукашев

А.Мукашев

Д.Абеуов

Д.Абеуов